

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ



«ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТЕЛДЕГІ ҚЫТАЙТАНУ ҒЫЛЫМЫ»
атты I халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдары
27 сәуір 2018 жыл

Материалы I Международной
научно-практической конференции
«КИТАЕВЕДЕНИЕ В КАЗАХСТАНЕ И ЗА РУБЕЖОМ»
27 апреля 2018 год

Proceeding of 1-st Scientific and
Practical Conference
CHINESE STUDIES IN KAZAKHSTAN and ABROAD
April 27, 2018

“中国‘一带一路’倡议与哈萨克斯坦‘精神复兴’
(Рухани жаңғыру) 倡议对接
新形势下的汉学研究” 国际学术研讨会
2018年4月27日



Издательство «Полилингва»
Алматы, 2018

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АБЫЛҒАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Қазақстан және шетелдегі қытайтану ғылымы»
атты I халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдары
27 сәуір 2018 жыл**

**Материалы I международной
научно-практической конференции
«Китаеведение в Казахстане и за рубежом»
27 апреля 2018 год**

**Proceeding of 1-st Scientific and
Practical Conference
Chinese Studies in Kazakhstan and abroad
April 27, 2018**

**“中国 ‘一带一路’ 倡议与哈萨克斯坦 ‘精神复兴’
(Рухани жаңғыру) 倡议对接
新形势下的汉学研究” 国际学术研讨会
2018年4月27日**

Алматы, 2018

УДК 327 (574) (063)
ББК 66. 4 (5 Каз)

*Рекомендовано к изданию решением Ученого Совета
КазУМОиМЯ имени Абылай хана (Протокол № 9 от 27 апреля 2018 г.)*

Главный редактор:
Кунанбаева С.С., д.филол.н., профессор, академик НАН РК
Ректор КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Редакционная коллегия:

Саханова А.Н., д.э.н., проректор по научной и инновационной деятельности
КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Шаймарданова З.Д., д. полит.н., КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Қалибекұлы Т., к.ф.н., профессор, декан Института Конфуция в
КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Ужкенов Е.М., к.и.н., доцент, декан факультета востоковедения,
КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Джелдыбаева Р.Б., к.ф.н., доцент, заведующий кафедрой языков и
перевода региона Китая и АТР, КазУМОиМЯ им. Абылай хана
Югай Е.Р., магистр, ст. преподаватель кафедры языков и перевода региона Китая и АТР,
КазУМОиМЯ имени Абылай хана
Дильманова М.Т., магистр, ст. преподаватель кафедры второго иностранного языка в
КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Материалы I-ой Международной научно-практической конференции «Китаеведение в
Казахстане и за рубежом» - Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2018. - 264 с.

ISBN 978-601-270-332-0

Казахстанско-китайские взаимоотношения имеют глубокие исторические корни. На протяжении нескольких столетий эти страны пережили периоды разнообразных политических взаимодействий. Великий Шёлковый путь служит также определённым источником анализа исторических процессов не только между двумя государствами, но и по всей Азии и Востоку. Исторические корни — источник и опора для развития двустороннего сотрудничества соседних государств — Казахстана и Китая, их мирного сосуществования.

Тематика I-ой Международной научно-практической конференции «Китаеведение в Казахстане и за рубежом», отражает широкий диапазон докладов различного содержания.

Издание предназначено для широкого круга читателей, интересующихся проблемами развития китайской филологии в международном пространстве, актуальные проблемы переводоведения, вопросы методики преподавания китайского языка, а также современные направления в исследовании истории, философии и культуры Китая.

ISBN 978-601-270-332-0

УДК 327 (574) (063)
ББК 66. 4 (5 Каз)

© «Китаеведение в Казахстане и за рубежом»
© КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2018.

Приветственное
академика НАН РК

Чжан Динжин.
Ғабитханұлы Қ.
Dai Yuanhong. К
китайского языка
Лю Чжнмэй. Ан
культурами
Каширин А.В. Р
и Китая в долгос

1-ші СЕКЦИЯ:
1-я СЕКЦИ

SECTION 1:

Ахметбек Г., Та
Даулет Ф.Н. Зоо
Джелдыбаева П
сыпайылық кате
Нуржаубек А. С
Пердебекова А.
Садықова Р.К. Т
Езмахунова А.Р.
Курымбаева А.К
Разновидности с
Темірбекова А.З
«әдемі» ұғымын
Кибиров У.Х. Сл
выражающие вр
Дюсетаева А.Б.
и политической л
политическом ди
Райхан Бағила.
қысқаша лингви
Ван Ляньцэнь,
китайской культу
Жанаділ Н. Қыт
және айрмашыл
Ғабит Е. Қазақ ж
Теляпова А.Г., С
коммуникации в

2-ші СЕКЦИЯ:
2-я СЕКЦИ

SECTION 2:

Ерболат Ария.
барысындағы ы
Югай Е.Р., Кан

Каракулова Л.Ж. Применение приема компенсации при синхронном переводе китаеязычного политического дискурса на русский язык	131
Езмахунова А.Р., Султанов А. Перевод цифровой символики молодежной переписки на материале казахского, русского и китайского языков	137
Югай Е.Р. Особенности перевода общественно-политических текстов с китайского языка на русский язык	142

3-інші СЕКЦИЯ: ҚЫТАЙ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
3-я СЕКЦИЯ: ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ
КИТАЙСКОГО ЯЗЫКА
SECTION 3: INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING CHINESE LANGUAGE.

Зейлаулы Бахытжан. Шет тілдерін оқытуда рөлдік ойындарды қолданудың маңызы	149
Кенжебаева А.Ә. Қытай әдебиетін оқыту барысында студенттердің мәдениетаралық құзыреттілін қалыптастыру	154
Турсынали Жазира. Шет тілдерін оқытуда ауызша сөйлеуге үйретудің рөлі	159
Курманбаева Д.Т. Использование когнитивно-коммуникативной цепочки задач в подготовке учителя иностранного языка	163
Сулейменова А.Т. Қытай тілін қарқынды оқытуда web-технологияларды қолдануды ...	169
Төкен М.Б., Тултаева Г.Б. Қытай тілі иероглифтерін жазуға үйретудің кейбір тиімді жолдары	174
Турсынакын Айгүль. The problems of teaching some incomprehensible grammar points in Chineselanguage (on 是.....的 structure)	178
Хуншан Айжан. Білім берудің негізгі мәселелері бойынша зерттеу	186
Сәбиғазина Сәуле. 新时期中亚高等教育现代化发展过程中的几大特征	190

4-інші СЕКЦИЯ: ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МЕН
ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
4-я СЕКЦИЯ: КАЗАХСТАНСКО-КИТАЙСКОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО НА
СОВРЕМЕННОМ ЭТАПЕ
SECTION 4: KAZAKH-CHINESE COOPERATION AT THE PRESENT STAGE

Кагазбаева Э.М. Проблемы и перспективы сопряжения «один пояс-один путь» с казахстанским проектом «нұрлыжол»	195
Мадиев Д.А. Арнайы экономикалық аймақтардың Қазақстан мен Қытайдың шекара өңіріндегі ынтымақтастығын арттырудағы маңызы	203
Тоқеева А.А. Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы: заманауи кезеңнің өзекті мәселелері ...	210

5-інші СЕКЦИЯ: ҚЫТАЙДЫҢ ТАРИХЫ, ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІН
ЗЕРТТЕУДІҢ ҚАЗІРГІ БАҒЫТТАРЫ
5-я СЕКЦИЯ: СОВРЕМЕННЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ В ИССЛЕДОВАНИИ ИСТОРИИ,
ФИЛОСОФИИ, КУЛЬТУРЫ КИТАЯ
SECTION 5: MODERN TRENDS IN STUDY OF HISTORY, PHILOSOPHY, CULTURE OF CHINA

Бердибекова Ж., Жолдасбаева Т.К. Один пояс и одна дорога: соединяющая китаи и мир	221
Байсултанова К.Ш. Новые векторы экономики КНР	226
Есеркепова Ж.О. «Сяокан» тұжырымдамасы және оның қазіргі қытайлық көрінісі	230
Жанатаев Т.А. Этика Конфуция: практическое применение даодэцзин в стратегии «один пояс – один путь»	236
Керімбаев Е.Ә. Қытайдың «жұмсақ күш» саясатының ерекшеліктері	242
Ырысхан Д. ҚХР судың экологиялық ластану мәселесі және	249
Масабаев К. XIX съезда КПК как новый этап политического развития Китая	255

- emergingchina-kazakhstan-defense-relationship/ (дата обращения: 19.02.2017).
8. Premier Li attends 13th prime ministers' meeting of SCO. – Электронный ресурс // Режим доступа URL: http://en.ce.cn/main/latest/2014_12/15/t20141215_4126509.shtml(дата обращения: 09.01.2018)
9. КНР и Казахстан создадут зону свободной торговли в крупных городах вдоль железных дорог. - Электронный ресурс // Режим доступа URL: <http://russian.people.com.cn/n/2015/0602/c31518#8900903.html>(дата обращения: 26.10.2017)
10. China, Kazakhstan to bolster economic, industrial capacity coop. – Электронный ресурс // URL: http://www.chinadaily.com.cn/business/2016#12/07/content_20650989_2.htm. (дата обращения: 03.12.2017) (дата обращения: 29.10.2018)
11. В фокусе внимания Китая: Китай и Казахстан планируют вместе работать над созданием нового трансевразийского транспортного коридора. - Электронный ресурс // Режим доступа URL: <http://russian.people.com.cn/n3/2017/0329/c31518#9196358.html>(дата обращения: 05.12.2017)
12. Казахстан остался крупнейшим торговым партнером китайского Синьцзяна. - Электронный ресурс // Режим доступа URL: <http://russian.people.com.cn/n3/2017/0306/c31519#9186280.html>(дата обращения: 03.12.2017)
13. China's largest inland port foreign trade up. – Электронный ресурс // Режим доступа URL: <http://english.people.com.cn/90778/7728814.html>(дата обращения: 21.01.2018)
14. Xinjiang's Horgos sees booming border trade. – Электронный ресурс // Режим доступа URL: http://www.chinadaily.com.cn/business/2017#04/12/content_28892824.htm(дата обращения: 13.12.2018)
15. Xinjiang's Horgos opens new customs office. – Электронный ресурс // Режим доступа URL: http://www.chinadaily.com.cn/china/2016#08/19/content_26538046.htm (дата обращения: 14.11.2017)
16. China's largest inland port foreign trade up. – Электронный ресурс // Режим доступа URL: <http://english.people.com.cn/90778/7728814.html>(дата обращения: 23.12.2017)
17. Deng Yaqing. A Shared Path. While all concerned countries hope to benefit from the Silk Road Economic Belt, China needs to take on the role of coordinator. - Электронный ресурс // Режим доступа URL: http://www.bjreview.com/business/txt/2014#07/07/content_628061_3.htm(дата обращения: 17.11.2017)
18. Faster train links Xinjiang to Kazakhstan. - Электронный ресурс // Режим доступа URL: http://www.china.org.cn/business/2017#02/26/content_40361798.htm(дата обращения: 01.03.2018)

ӘОЖ (5-012)

Мадиев Д.А.

Әл-Фараби ағындағы ҚазҰУ, Шығыстану факультеті
қытайтану кафедрасы «6D020900-Шығыстану»
мамандығының 2 курс докторанты, Алматы, Қазақстан
daniyarmadiev@mail.ru

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДЫҢ ШЕКАРА ӨңІРІНДЕГІ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Түйін сөздер: Арнайы экономикалық аймақ, шекара маңы экономикалық ынтымақтастық аймағы, инвестиция, инфрақұрылым, жаңа технологиялар.

Аннотациясы: Мақалада арнайы экономикалық аймақтардың құрылу тарихы, олардың әлемдік және жекелеген елдердің экономикасындағы маңызы сарапталады. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтардың құрылу кезеңдері, орналасу аймақтары, атқаратын қызметі мен белгіленген бағыттары сипатталады. Екі ел арасындағы байланыстарды тереңдете түсу мақсатында құрылған шекара маңы экономикалық ынтымақтастығы аймақтарының жұмысына талдау жасалады.

Madiyev D.A.
Al-Farabi Kazakh National University
Faculty of Oriental Studies Department of Chinese Studies
Second-year doctoral student, Specialty «6D020900-Oriental studies»
Almaty, Kazakhstan, daniyarmadiyev@mail.ru

THE IMPORTANCE OF SPECIAL ECONOMIC ZONES IN THE DEVELOPMENT OF
CROSS-BORDER COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA

Key words: Special economic zone, border zone of economic cooperation, investments, infrastructure, new technologies.

Abstract: This article considers the history of the formation of special areas and their value in the development of the world economy and individual states. It describes periods of creation, location and functions and directions of special economic zones in Kazakhstan and China. It also analyzes the activities of co-operation which was started in order to deepen the interstate relations between two countries.

Траншекаралық еркін эконоикалық аймақтар екі немесе одан да көп елдердің шекаралас аймақтарын қамтиды, мұндай аймақтардың басты мақсаты табиғи, адами, өндірістік, технологиялық және қаржы ресурстарын пайдалануды ынталандыру, трансшекаралық экономикалық ынтымақтастықты дамыту, шекаралас өңірлер арасындағы байланыстарды нығайту, экономикалық дамуды күшейту, экономикалық өзара тәуелділік және көрші елдердің шекаралас өңірлері арасындағы өзара ықпалдастықты дамыту болып табылады. Арнайы экономикалық аймақ - мемлекеттің қалған бөлігіне қатысты ерекше құқықтық мәртебесі бар және сауда қызметін жүзеге асырудың жеңілдетілген шарттары, мысалы, бажсыз сауда режимі, сауда, инвестиция және салық салудың жеңілдетілген ережелері бар шектеулі аумақ. АЭА техникалық экономикалық даму аймағы, жаңа және жоғары технологиялар аймағы, еркін кедендік аймағы, шекара маңы экономикалық ынтымақтастық аймағы, «ашық» портты қалалар, еркін сауда аймақтары, сыртқы сауда, экспорт өңдеу, экономикалық ынтымақтастық, экономикалық және технологиялық даму аймақтары және басқалар түрінде құрылуы мүмкін.

Сарапшылардың айтуынша, арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) еліміздің басқа бөліктерінде қолданылмайтын артықшылықтары мен ынталандырудың арнайы жүйесі бар, ұлттық экономикалық кеңістіктің бөлігі болып табылады. Осылайша, АЭА кейбір дәрежеде жеке географиялық аймақ болып табылады. Алайда, осы терминнің басқа анықтамалары бар. Мысалы, «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» оқулығында «арнайы экономикалық аймақ - бұл аумақтың қалған бөлігіне қатысты ерекше құқықтық мәртебесі бар және ұлттық және шетелдік кәсіпкерлер үшін жеңілдікті экономикалық жағдайлары бар шектеулі аумақ». Ғылыми әдебиетте «арнайы экономикалық аймақ» терминімен қатар «еркін экономикалық аймақ» термині баламалы болып саналады. «Еркін экономикалық аймақ» термині экономикалық және кәсіпкерлік қызметтің, кедендік, валюталық, салықтық, визалық сипаттағы жеңілдікті шарттары бар кез келген аумақты білдіреді [1].

Арнайы экономикалық аймақтар ұлттық экономиканың маңызды саласы болып табылады және оның дамуына айтарлықтай үлес қосып отыр. Арнайы экономикалық аймақ-капиталды инвестициялау және экономиканы дамыту үшін жағдай туғызатын шетел және отандық кәсіпкерлерге ерекше экономикалық

жеңілдіктері бар
ішкі сауда, жалпы
шешу үшін құр
экономикалық ай
бар:

- Белгілі жағ
ішінара салықтар
- өнім шығар
босату;

- либералды
және салықтық
- жеңілдетіл
- сәйкес өкі
- гимарат п
- аймақтағ

лымды қалыпт

Арнайы эк
тигізеді. Ол эк
орындарының
келеді, соның
өзгереді, халы
мәдениет пен
Арнайы экон
саяси жағына

Мемлекет
жаңа эконом
маңыздылард
дамудың ме
экономикаль
Орталық А
жаһандық д
Қазақстанға
дамыту ісін
Дегенмен,
инвестиция
емес.

Қазақс
ғы еркін эк
айынан ба
алғашқы А
дамыту ж
жылдың
Арнайы э
бағыттал
жөнінде»

Madiyev D.A.
National University
of Chinese Studies
(Oriental studies)
yarmadiyev@mail.ru

DEVELOPMENT OF AND CHINA

ration, investments,

areas and their value
periods of creation,
in and China. It also
e interstate relations

се одан да көп
д басты мақсаты
ын пайдалануды
тықты дамыту,
микалық дамуды
жаралас өңірлері
ы экономикалық
ік мәртебесі бар
мысалы, бажсыз
ен ережелері бар
аңа және жоғары
ы экономикалық
ауда аймақтары,
номикалық және
мүмкін.

и (АЭА) еліміздің
ынталандырудың
юлып табылады.
юлып табылады.
қстанның қазіргі
аумақтың қалған
қ және шетелдік
ектеулі аумақ».
ен қатар «еркін
ін экономикалық
ндік, валюталық,
келген аумақты

маңызды саласы
п отыр. Арнайы
ыны дамыту үшін
е экономикалық

жеңілдіктері бар мемлекеттік шектелген аумақ. Арнайы экономикалық аймақтар ішкі сауда, жалпы экономикалық, әлеуметтік және ғылыми-техникалық мәселелерді шешу үшін құрылады. АЭА-дың мамандандырылуына сай көптеген арнайы экономикалық аймақтарға тән құқықтық реттеудің төмендегідей механизмдері бар:

- Белгілі жағдайларға сәйкес белгіленген мерзімге инвесторларды толық және ішінара салықтан босату;

- өнім шығару, құрылғылар мен шикізат тасымалын кедендік төлемдерден босату;

- либералдық валюталық режим, шетелдік инвесторлар табысына валюталық және салықтық шектеулердің жоқтығы;

- жеңілдетілген тіркеу жүйесі;

- сәйкес өкілеттілік шеңберінде аймақта арнайы басқару органдарын құру;

- ғимарат пен жерді жалдауға, әртүрлі қызметтерге жеңілдетілген тарифтер;

- аймақтағы іскерлік белсенділікті қамтамасыз ету үшін сәйкес инфрақұрылымды қалыптастыру.

Арнайы экономикалық аймақтар қоғам өміріне әртүрлі және көпжақты әсерін тигізеді. Ол экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында халық пен өндіріс орындарының прогрессивті құрылымдық және географиялық өзгерістеріне алып келеді, соның нәтижесінде халықтың өмір сүру деңгейі мен тұрмыс жағдайы өзгереді, халықаралық еңбек бөлінісін қамтамасыз ете отырып әлемдік экономикаға, мәдениет пен халықаралық қатынастарды жүзеге асыруда өз ықпалын тигізеді. Арнайы экономикалық аймақтарды қалыптастырудың экономикалық жағынан да, саяси жағынан да маңыздылығы әлемдік тәжірибеде дәлелденіп отыр.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев дағдарысты жылдарға қатысты жаңа экономикалық саясатты айқындағанда инвестициялар тарту мәселесін ең маңыздылардың қатарында атағаны белгілі. Бұл үшін индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасымен қоса елімізде қолға алынған Арнайы экономикалық аймақтарға барынша мән берілген. Соның арқасында Қазақстан Орталық Азия аймағындағы инвестициялық хабқа айналуы тиіс. Әлбетте, жаһандық дағдарыс дамуды тежеп тұрған тұста елге шетелден инвестиция әкелу, Қазақстанға келген инвесторларға жағдайларды жан-жақты жасап, олардың елді дамыту ісіне бекем кірісуі үшін «климатты» жақсартып ұстау да оңай шаруа емес. Дегенмен, мамандар арнайы экономикалық аймақтарды дамыту арқылы оны инвестиция тартудың ең маңызды тірегіне айналдыруды көздеп отырғаны да бекер емес.

Қазақстанда Арнайы экономикалық аймақтардың құрылу тарихы «Қазақ КСР-ғы еркін экономикалық аймақтар туралы» заңы қабылданған 1990 жылдың қараша айынан бастау алады. Аталған құжаттарға бірнеше рет түзетулер енгізілгенімен, алғашқы АЭА күтілген нәтиже бермеді. Алайда, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту жұмысын белсенді түрде жалғастыру ойы өзектілігін жоғалтпады. 2011 жылдың 21 шілдесінде Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаев Арнайы экономикалық аймақтардың қызметі мен басқару тиімділігін арттыруға бағытталған «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар жөнінде» заңына қол қойды. 2011 жылдың соңында Қазақстанда арнайы салалық

«Китаеведение в Казахстане и за рубежом»

бағыттағы қосымша үш экономикалық аймақ құрылды. Қарағанды облысындағы «Сарыарқа» АЭА-металлургияны дамыту, Алматы облысындағы «Қорғас-Шығыс қақпасы»-көлік-логистикалық саланы дамыту, Павлодар облысындағы «Павлодар»-химия және мұнайхимия өндірісін дамыту арнайы экономикалық аймағы бар.

Айта кетерлігі, қазіргі таңда Қазақстанда 10 арнайы экономикалық аймақ бар. Бұлар еліміздің сыртқы экономикалық байланыстарын жандандырып, аймақтарды шапшаң дамыту миссияларын қарастырады. Сонымен қоса, арнайы аймақтар экономика салаларын қолдау және әлеуметтік мәселелерді шешу, инвестициялар, технологиялар, қазіргі заманғы менеджмент тарту, жоғары тиімді және бәсекелестік қабілеті бар өндірістер құруды көздеп отыр. Мұндай ерекшеліктер өңірлер бойынша жіктелгенін арнайы экономикалық аймақтар қызметінің ерекшеліктері болып табылады. Он аймаққа келсек, бұлар: «Астана - жаңа қала» Астана қаласында; «Ақтау теңіз порты» Маңғыстау облысында; «Алатау» ақпараттық технологиялар паркі» Алматы қаласында; «Оңтүстік» Оңтүстік Қазақстан облысында; «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» Атырау облысында; «Бурабай» Ақмола облысында; «Павлодар» Павлодар қаласында; «Сарыарқа» Қарағанды облысында; «Қорғас - Шығыс қақпасы» Алматы облысында және «Тараз химиялық паркі» Тараз қаласында орналасқан[2].

Жалпы, мамандар АЭА дамуын үш кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең 1991-2000 жылдардағы қалыптасу кезеңі. Бұл жылдары алғашқы заңдар қабылданғанымен, онда техникалық база да, инфрақұрылым да болмағандықтан, одан еш нәтиже шықпады. Бұған бір жағынан қаржылық жетіспеушілік пен басқарудағы тәжірибесіздік себеп болды. Одан кейінгі 2000 жылдары АЭА туралы заң қайта қаралып, мемлекет қолдауды біршама күшейтті, жер учаскелері бөлінді, қаржылық қолдауды жүзеге асырды. Үшінші кезеңде - 2011 жылы жаңа заң қабылданып, тың серпіліс те біліне бастаған.

Қытай экономикасының қазіргі таңдағы даму үдерісіндегі еркін экономикалық аймақтардың маңызы өте зор. Қытайдың еркін экономикалық аудандар құрудағы басты мақсаты ұлттық өндірістің халықаралық бәсекелестік қуатын көтеру, елге инвестиция тартудың тиімді жолдарын ашу, экспортты жаңа жоғары техниканы өндіріске қосу арқылы жаңа өнімдердің саны мен сапасын арттыру, коммуналды-шаруашылық, құқықтық және қаржылық инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Алайда Арнайы экономикалық аудандардың өндірістік құрылымы әлемдік экономикалық және халықаралық нарық ахуалының өзгерісіне байланысты өзгеріп отырады.

Қытай экономикалық реформаны бастағанда, шетелдік капиталды тарту сыртқы экономикалық саясаттың басым бағыты болды. Өйткені ол ХХ ғасырдың 80-90 жылдарында валюта құны импортталған қажетті техника мен технологиялар, шикізат пен материалдар үшін өскен жағдайда, импорттық қажеттілік пен экспорттық мүмкіншілік арасындағы қайшылықтарды шешу үшін тиімді жол болды. Сондықтан Қытай, алдымен, шетел инвестициясын тартуға қолайлы жағдайлар жасады. Арнайы экономикалық аудандарға енетін порттарға салықтық және кедендік жеңілдіктер берді, сол арқылы елге жеңілдетілген жолмен инвестицияларды теңіз жағалауындағы аймақтарға әкеліп, онда бірлескен

кәсіпорындар құруға үлкен мүмкіндіктер жасады. Бұл бірлескен кәсіпорындар алғашқы кезеңде көбіне өнеркәсіп, қызмет көрсету, туризм, қонақүй салаларында дамыды.

Қытайдың еркін экономикалық аудандары, алдымен, теңіз жағасына жайласқан Гуандун, Фуцзянь провинцияларда ашылғандықтан, шетелдермен бірлескен кәсіпорындар осы провинцияларда шоғырланды.

Қытаймен шекаралық аймақта арнаулы экономикалық аймақтарды құру идеясы қазақстандық басшылықта 1990-шы жылдардың басында-ақ пайда болған. Республика жоспарында Талдықорған облысында Жаркент АЭА құру болды. Жоба бойынша, сауда аймақтарын ашу үшін әр тарап шекаралық жерлерінен 99 жыл мерзімге 130 гектар жер беру керек еді. Қазақстанның бас әріптесі Гонконг компаниясы болды. АЭА-ның құрылысы 1992 жылы басталды, бірақ 1993 жылы Қазақстандағы «қытайлық» миграция мәселесі өрши түскендіктен, құрылыс бірден тоқтап қалды. Сол кезде АЭА-ның Қытайдан Қазақстанға арзан жұмыс күші ағылатын «ашық қақпа» болуы мүмкін деген ой келді.

1993 жылы ШҰАА-ның Ғылым және техника комитеті «бірлескен мемлекетаралық игеру» жобасын ұсынды, басты пункті Қазақстан-Қытай шекара ауданында «Инин – Жаркент» еркін экономикалық ынтымақтастығы аймағын құру және Қытайда «Боро-Тала», Қазақстанда «Достық» еркін шекаралық аймағын құру.

2000 жылы «Қорғас» ШӨБ басқару Комитетінің шекаралық сауда аймағын құру туралы ұсынысы ынтымақтастыққа жаңа дем берді. Қазақстандық тарап бұл жоспарды құптады. 2004 жылы Н.Назарбаевтың Қытайға жасаған сапары барысында шекаралық АЭА-ын құру идеясы жандана түсті. Сапардың нәтижесі болған «Сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы Келісімге» қол қойылуына сәйкес 2005 жылдың басында Қазақстан мен Қытай арасында шекара маңындағы аудандар тұрғындары үшін бір күндік визасыз өткел ашылды. Дәл сол кезде Н.Назарбаев «Қорғас» шекара өткелі ауданында АЭА құру туралы ұсыныс жасады.

«Қорғас» Шекара маңы ынтымақтастық халықаралық орталығының құрылуы (одан әрі-«Қорғас» ШЫХО) – ҚХР мен Орта Азия мемлекеттерінің екі жақты экономикалық қатынастарын кеңейтудің, сауда-экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастығын дамытудың бастапқы кезеңі болып табылады[3].

«Қорғас» ШЫХО-сының құрылу мәселесі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына 2002 жылғы 22-25 желтоқсанында жасаған сапары кезінде көтерілді. Сапар аясында қол жеткен келісімдер мен уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарының 1 тармағының 3 тармақшасында, сонымен қатар ҚХР –дың Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданына жасалған жұмыс сапарының қорытындысы бойынша берілген тапсырманы орындау жолында 2004 жылғы 24-24 қыркүйекте «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын құру туралы келісім жасалды.

«Қорғас» ШЫХО-сын құрудың нормативтік –құқықтық базасын жасау мақсатында 2005 жылғы 25 ақпанда Пример-Министрдің №33 өкімімен Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарында индустриалдық аймақты құрудың заңнамалық және нормативтік –техникалық базасын жасау туралы ұсыныстар әзірлеу үшін жұмысшы тобы құрылды. Бұл топтың жұмыс нәтижесі

«Қорғас» ШЫХО-сын құрудың концепциясын бекітілуі және ҚХР-дың Төрағасы Ху Цзиньтаоның 2005 жылғы 4-5 шілдедегі Қазақстанға жасаған сапары аясында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы «Қорғас» ШЫХО-сының қызметін реттеу туралы Келісімге қол қоюы болды. Келісімге сәйкес «Қорғас» ШЫХО-сының аумағының қазақстандық бөлігі 120 гектар, ал Қытай тарапынан 343 гектар құрады.

«Қорғас» ШЫХО-сының аумағының қазақстандық бөлігі «Қорғас» ШЫХО-сының қызметін реттеу туралы Келісімге енгізілген өзгерістер мен қосымшаларға Хаттамаға сәйкес 185 гектар болды.

Орталықты құрудағы мақсат:

- мемлекеттердің индустриалды-инновациялық саясатын жүзеге асыру;
- шетелдік капиталды тарту арқылы аймақтың экономикасын жандандыру, инвестициялық ахуалды жақсарту;
- экономикалық интеграция және ҚР өнеркәсібінің экспорттық бағдарлы салаларын дамыту;
- сыртқы сауда операцияларына халықаралық стандарттар жүйесін енгізу;
- көліктік-логистикалық және импорттық, экспорттық, сондай-ақ, транзиттік жүк айналымына терминалдық қызметтерді дамыту;
- Ұлы Жібекжолы бойында туризм, көлік және байланыс инфрақұрылымдарын дамытуды қамтитын халықаралық туризмді дамыту;
- жергілікті мамандарды жұмыспен қамту және кадрлардың біліктілігін арттыру болып табылады.

Орталықты құру екі, сонымен қатар үшінші ел азаматтарының іскерлік кездесулері, Қазақстанда, Қытайда және ТМД-ның елдерінде өндірілген өнеркәсіп өнімдермен танысуы және сауда келісімдерін бекітуі мен тынығуы үшін аумаққа визасыз енуіне мүмкіндік туғызады.

«Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағын құру Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010ж. 21 желтоқсандағы № 6225 тапсырмасын орындау, сонымен қатар 2020 жылға дейінгі Қазақстан Республикасы дамуының Стратегиялық жоспарының басты бағыттарына сәйкес қарастырылған. «Қорғас — Шығыс қақпасы» АЭА құру туралы № 187 Президент жарлығына 2011 жылғы 29 қараша күні қол қойылды [4].

«Қорғас — Шығыс қақпасы» АЭА негізгі мақсаттары:

1. Қазақстан Республикасының сауда-экспорттық қызмет қызығушылықтары мен транзиттік әлеуетін қамтамасыз ететін, сонымен қатар іргелес мемлекеттермен экономикалық және мәдени алмасуын дамытуға болысатын тиімді көліктік-логистика және индустриялық орталық құру;
2. өндіріс пен өткізудің жалпыәлемдік жүйесіне қазақстандық өнім ықпалдастығын қамтамасыз ету, халықаралық стандарттарға сәйкес, инновациялық және бәсекеге қабілетті отандық өнімді құру;
3. инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін жайлы инвестициялық климатты құру мен отандық және шетел инвестицияларын тарту;
4. әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне республика экономикасының кіруін жандандыру үшін аймақтың жылдамдатылған дамуы;
5. нарықтық қарым-қатынастардың құқықтық нормаларын жетілдіру,

басқарудың к

6. жұмы

Қазақста

ынтымақтаст

шекара өңірі

экономикалық

экономикалық

экономикалық

жатыр және

бірінші шек

Экономикал

аймақ» құр

өнеркәсібінің

жиһаз және

негізделген.

Эконом

жағдайға сә

негізгі қор

жолдардың

Экономика

тіркелген,

юаньнан ас

ішінде сат

құрылыс

кәсіпорын.

Сонын

және Боле

мен Қыта

үлкен ман

1. Св

URL: htt

обращени

2. Бе

экспортно

(22). —С.

3. Қу

Режим до

4. «К

экономик

5. I

URL: htt

басқарудың қазіргі заман әдістері мен шаруашылықты жүргізуді енгізу.

6. жұмыс басты тұрғындар санын арттыру.

Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы шекара маңы экономикалық ынтымақтастығын дамытудың құралы ретінде ШҰАА-ның Қазақстанмен шекара өңірінде құрылған Инин (Құлжа), Тачэн (Шәуешек), Болэ шекара маңы экономикалық ынтымақтастық аймақтарын атауға болады. Инин қаласындағы экономикалық ынтымақтастық аймағын 1992 жылы Мемлекеттік кеңес ұлттық экономикалық аймақ ретінде құрған. Аумағы 100 шаршы километр аймақты алып жатыр және экологиялық менеджмент жүйесінің халықаралық сертификатын алған бірінші шекара маңы экономикалық ынтымақтастығы аймағы болып саналады. Экономикалық аймақ ішінде «экологиялық, өндірістік және коммерциялық аймақ» құрылған. Даму стратегиясы құрылыс материалдарын өндіруге, тоқыма өнеркәсібіне, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге, машина жасау саласына, жиһаз және тұрмыстық техника секілді жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіруге негізделген.

Экономикалық парк құрылысына келетін болсақ, 2009 жылдың соңындағы жағдайға сәйкес, ынтымақтастық аймағының инфрақұрылым құрылысына және негізгі қорларға салынған инвестиция көлемі 5 млрд юаньнен асқан, аймақтағы жолдардың ұзындығы 50,34 км-ге, жер аумағы 2,6 млн шаршы метрге жеткен. Экономикалық ынтымақтастық аймағында 435 әртүрлі типтегі кәсіпорындар тіркелген, олардың ішінде 103 өндірістік өнеркәсіп орны, өнім көлемі 100 млн юаньнан асатын 7 кәсіпорын, 10 млн юаньнан асатын 26 кәсіпорын бар. Өнімі ел ішінде сатылатын және экспортқа шығарылатын ашытқы шығаратын, ұн тартатын, құрылыс материалдарын жасайтын, және тағы басқа өнім түрлерін өндіретін кәсіпорындар шоғырланған[5].

Сонымен қатар, шекара маңындағы ынтымақтастықты дамыту аясында Тачэн және Болэ экономикалық аймақтары құрылған. Аталған аймақтардың Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара маңындағы ынтымақтастықты арттыра түсуде үлкен маңызы бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Свободные экономические зоны оживят экономику регионов. - Режим доступа URL: <https://www.zakon.kz/4682378-svobodnye-jekonomicheskie-zony-ozhivjat.html> (дата обращения 1.04.2018).

2. Бердибаева К.Т. Роль свободных экономических зон в развитии экономики и экспортного потенциала страны.// Сибирский торгово-экономический журнал. -2016. -№1 (22). -С. 21-24

3. Құрманбек Артықбаев. Хоргос – первая зона трансграничного сотрудничества. - Режим доступа URL: <http://саарг.kz> (дата обращения 2.04.2018).

4. «Қорғас – Шығыс какпасы» шекара маңы сауда - экономикалық аймағы» арнайы экономикалық аймағын құру тұжырымдамасы//www.kazembassy.com

5. Ининская приграничная зона экономического сотрудничества. - Режим доступа URL: <https://baike.baidu.com/item> (дата обращения 2.04.2018).